

**Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар мен мекемелерде жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыны, шәкіртақыны дер кезінде төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 20 ақпан N 177

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар мен мекемелерде жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыны, шәкіртақыны дер кезінде төлеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері:

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын барлық ұйымдар мен мекемелер бойынша жалақы, зейнетақы, шәкіртақы және еңбек қатынастарынан туындаған өзге де төлемдер жөніндегі жиналып қалған берешекті бір ай мерзім ішінде өтейтін болсын;

бюджетке түскен қаражатты жоғарыда аталған мақсатқа басымдылықпен жұмсауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Еңбек министрлігі:

зейнетақы, жәрдемақы және басқа да төлемдер бойынша жиналып қалған берешекті екі ай мерзімі ішінде өтейтін болсын;

аталған мақсатқа сыртқы және ішкі займдарды тартудың мүмкіндігі туралы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорындарымен, шаруашылық серіктестіктерімен және өндірістік кооперативтерімен баспабас мәмлелер жасаған кезде Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының және Әлеуметтік сақтандыру қорының мүдделерін ескеретін үкіметтік актілерді қабылдаудың тиімділігі туралы ұсыныстар енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау

комитеті тексеру жүргізген кезде жалақыны, зейнетақыны, жәрдемақыны, шәкіртақыны және олардың еңбек қатынастарынан туындайтын өзге де төлемдердің дер кезінде төленуін ескеретін болсын, ал бөгеліс болған жағдайда, дер кезінде төленбеудің себептерін айқындап, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК